

**«Университеттің 2023-2024 оқу жылындағы қызметінің есебі және жаңа
2024-2025 оқу жылына қойылатын міндеттері туралы» сұрағы бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ**

30.09.2024ж.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмысының есебіне «қанағаттанарлық» деп баға беріп, жаңа 2024-2025 оқу жылының міндеттерін талқылап, Ғылыми кеңес қаулы етеді:

2024-2025 жылына қойылатын міндеттер:

- Университетте білім алушылар контингенті 2025 қабылдау жылы – 5300 адамға жеткізілсін (жауапты: Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры, орындалу мерзімі: 01.10.2025 ж. дейін).

- Инклюзивті білім беру үшін жасалған жағдайлар деңгейі (БББ, оқу бағдарламалары, инфрақұрылым, білімгерлерді жан-жақты қолдау) – 82,4% жеткізілсін (жауапты: Басқарма мүшелері – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі проректор, Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- Университетті 2024 жылы аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 74 %-ға, 2025 жылы аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 77 %-ға жеткізілсін (жауапты: Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры, факультет декандары, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Шетел мемлекеттерінің жетекші университеттерімен бірлескен, соның ішінде қос дипломды білім беру бағдарламаларының санын кемінде 3 БББ көлемінде жүзеге асырылсын (жауапты: Білім беру бағдарламаларының жобалық офисінің жетекшісі, Халықаралық ынтымақтастық орталығының директоры м.а., орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі 22,5%-ға жеткізілсін (жауапты: Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры, факультет декандары, орындалу мерзімі: 15.12.2024 ж. дейін);

- Республикалық және/немесе халықаралық деңгейдегі марапаттары бар штаттық оқытушылардың және/немесе гранттары бар жоба жетекшілерінің үлесі 2024 жылы - 2%-ға жеткізілсін (жауапты: Кадр саясатын басқару бөлімінің басшысы, Жобалық кеңсе басшысы, орындалу мерзімі: 15.12.2024 ж. дейін);

- Қайта даярлаудан немесе біліктілігін арттырудан өткен оқытушылардың үлесі 2024 жылы - 47%-ға, 2025 жылы - 51%-ға жеткізілсін (жауапты: Кадр саясатын басқару бөлімінің басшысы, факультет декандары, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Студенттердің жалпы санынан университеттегі шетелдік студенттердің үлесі 2024 жылы - 1%-ға, 2025 жылы - 2%-ға жеткізілсін (жауапты: Халықаралық ынтымақтастық орталығының директоры м.а.,

Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры, факультет декандары, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Күміс университет бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны 2024 жылы – 45 адамға, 2025 жылы - 50 адамға жеткізілсін (жауапты: Құзыреттілік және қосымша білім беру орталығының директоры, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Бейресми білім беру бағдарламалары бойынша (Күміс университетінен басқа) тыңдаушылар саны 2024 жылы - 660 адамға, 2025 жылы – 670 адамға жеткізілсін (жауапты: Үздіксіз білім беру институтының директоры, Тіркеу офісінің директоры, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша 6-74 жас аралығындағы тыңдаушылар саны 2024 жылы - 78 адамға, 2025 жылы – 80 адамға жеткізілсін (жауапты: Үздіксіз білім беру институтының директоры, Тіркеу офісінің директоры, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Университет QS-WUR рейтингісіне қатысып, Traker мәртебесін иеленсін (жауапты: Басқарма мүшелері – проректорлар, Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы, орындалу мерзімі: 01.08.2025ж. дейін);

- QS Asia University Rankings рейтингісінде 601-650 орыннан кем емес орын алсын (жауапты: Басқарма мүшелері – проректорлар, Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы, орындалу мерзімі: 01.08.2025ж. дейін);

- Білім беру бағдарламаларының жалпы санынан пәндік рейтинг топтарына енген білім беру бағдарламаларының үлесі 2%-ға жеткізілсін (жауапты: Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры, факультет декандары, орындалу мерзімі: 01.09.2025ж. дейін);

- Университеттің білім беру бағдарламаларының жалпы санынан аккредиттелген білім беру бағдарламаларының үлесі 70%-ға жеткізілсін (жауапты: Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры, факультет декандары, орындалу мерзімі: 01.07.2025ж. дейін);

- Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың/мамандардың үлесі 6.7%-ға жеткізілсін (жауапты: Халықаралық ынтымақтастық орталығының директоры м.а., Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің директоры, факультет декандары, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- Кемінде 3 тәуекелдің әсер ету дәрежесі төмендетілсін (жауапты: Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы, барлық құрылымдық бөлімдердің басшылары, орындалу мерзімі: 30.06.2025ж. дейін);

- Білім алушылардың, ПОҚ-тың білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі 86%-ға жеткізілсін (жауапты: факультет декандары, Академиялық сапа жөніндегі комиссия, орындалу мерзімі: 30.06.2025ж. дейін);

- Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингті басылымдардағы мақалалар мен шолулар саны кемінде 7 мақалаға жеткізілсін (жауапты: Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы, факультет декандары, орындалу мерзімі: 30.06.2025ж. дейін);

- Scopus, Web of Science платформасындағы ақпараттық ресурстардың деректері бойынша рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны кемінде 85-ке, ҚР ҒЖБМ ҒБСҚК ұсынған тізілімге енгізілген басылымдардағы жарияланымдар саны кемінде 80 мақалаға жеткізілсін (жауапты: Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы, факультет декандары, орындалу мерзімі: 30.06.2025ж. дейін);

- Ғылыми жобалар шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын профессор-оқытушылар құрамының үлесі 2025 жылы 15%-ға жеткізілсін (жауапты: Жобалық кеңсе басшысы, факультет декандары, орындалу мерзімі: 30.06.2025ж. дейін);

- Әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткен ғалымдар саны 2024 жылы - кемінде 12 адамға, 2025 жылы - кемінде 14 адамға жеткізілсін (Халықаралық ынтымақтастық орталығының директоры м.а., Кадр саясатын басқару бөлімінің басшысы, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Профессорлық-оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлерінің атына тіркелген қорғау құжаттарының саны, оның ішінде патенттер, авторлық куәліктер саны 2024 жылы – кемінде 106 бірлікке, 2025 жылы - кемінде 111 бірлікке жеткізілсін (жауапты: Жобалық кеңсе басшысы, Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы, факультет декандары, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Коммерцияланған ғылыми жобалар саны 2024 жылы – 1 жоба, 2025 жылы - кемінде 2 жоба көлемінде жүзеге асырылсын (жауапты: Жобалық кеңсе басшысы, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Ғылыми жобалардың жалпы санынан қызметкерлер мен студенттер іске асырған стартап жобаларының үлесі 2024 жылы – 13.8%-ға, 2025 жылы – 15.2 %-ға жеткізілсін (жауапты: Жобалық кеңсе басшысы, факультет декандары, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- ҒҒТҚН (РННТД) және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияландырылған жобаларын жеке, қоса қаржыландыру көлемі (ЖАО, бизнес өкілдері) 2024 жылы – 1 млн., 2025 жылы - кемінде 2 млн.теңге көлемінде тартылсын (жауапты: Жобалық кеңсе басшысы, факультет

декандары, орындалу мерзімі: 2024, 2025 жылдардың 15 желтоқсанына дейін);

- Жалпы табыстан университетті дамытуға тартылған инвестициялар үлесі, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде кемінде 0,44%-ға жеткізілсін (жауапты: Басқарма мүшелері – Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор, Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі проректор, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- Оқу және ғылыми жабдықтарды жаңартуға жұмсалған қаржы ресурстарының үлесі 61,45 %-ға жеткізілсін (жауапты: Басқарма мүшесі – Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- Білімгерлердің жалпы санынан волонтерлік қызметке тартылған еріктілер үлесі 28,1%-ға жеткізілсін (Басқарма мүшесі – Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі проректор, факультет декандары, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- Қоғамдық жұмыстарға тартылған білімгерлердің үлесі 57,9 %-ға жеткізілсін (Басқарма мүшесі – Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі проректор, факультет декандары, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- Жалпы құжат айналымдағы мемлекеттік тілдің үлесі 100%-ға жеткізілсін (Басқарма мүшесі – Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі проректор, барлық құрылымдық бөлімдердің басшылары, факультет декандары, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін);

- Мемлекеттік тілде қорғалған диссертациялардың үлесі 60%-ға жеткізілсін (Басқарма мүшелері – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі проректор, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін).

Ғылыми кеңес қаулысының орындалуын қадағалау өзіме жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы



Е.А.Бурибаев

«2024-2025 оқу жылында БББ-ның оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттермен қамтылу жағдайын талдау және университеттің ішкі басылымдарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын бекіту туралы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«30» қыркүйек 2024 ж.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығының 2 тармағына сәйкес жоғары оқу орындарының кітапханаларында оқу бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде 100% қамтамасыз ететін, баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер болуы тиіс.

Жетісу университетінде 2024-2025 оқу жылында 65 бакалавриат, 29 магистратура, 11 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісі ұйымдастырылады. Барлық білім беру бағдарламаларының пәндері оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерімен қамтылуы тиіс.

Жалпы 2024-2025 оқу жылында университеттің профессорлық-оқытушы құрамымен 42 әдебиет шығару жоспарланып отыр. Оның ішінде 23 оқу құралы, 5 оқу-әдістемелік, 2 оқулық, 11 монография, 1 электрондық энциклопедия. 33 әдебиет қазақ тілінде, 7 орыс, 2 ағылшын тілінде. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер жеткіліксіздігі де орын алады.

2024-2025 оқу жылында БББ-ның жағдайын талдау және университеттің ішкі басылымдарының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын бекіту туралы **Ғылыми кеңес** шешімі:

1. Білім беру бағдарламаларының пәндерін оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттермен қамту мақсатында университеттің кітапханасына сатып алуға сұраныс берілсін (жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: 10.10.2024 ж. дейін);

2. Білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша университеттің профессорлық-оқытушы құрамы оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер шығарылсын (жауапты: кафедра меңгерушілері; орындалу мерзімі: жыл бойы);

3. Университеттің ішкі басылымдарының күнтізбелік-тақырыптық жоспары бекітілсін.

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г. Шүкенай

«2024-2025 оқу жылында жазбаша жұмыстардың орындалу дербестігін тексеру және
плагиат нормаларын анықтау туралы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«30» қыркүйек 2024 ж.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде дербестігін тексеру және плагиат нормаларын анықтайтын жазбаша жұмыстарға дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік жұмыс (жоба), докторанттардың диссертациялары; профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, ғылыми-әдістемелік әзірлемелері; білімгерлердің ағымдағы және қорытынды бақылау тапсырмалары бойынша орындаған жазбаша жұмыстары жатады. Әр жазбаша жұмыстың ерекшелігін ескере отырып, оның түпнұсқалылығының нормалары және орындалу дербестігін тексеру модульдері айқындалады.

«2024-2025 оқу жылында жазбаша жұмыстардың орындалу дербестігін тексеру және плагиат нормаларын анықтау туралы» туралы **Ғылыми кеңес** шешімі:

1. Университеттегі жазбаша жұмыстар түпнұсқалылығының нормалары бекітілсін:

№	Жазбаша жұмыстың / әзірлеменің түрі	Жазбаша жұмыс түпнұсқалылығының нормасы, %
1	Дипломдық жұмыс (жоба)	65
2	Магистрлік диссертация (жоба)	75
3	Докторлық диссертация	85
4	Конференция материалдарына қабылданатын мақала	70
5	«ЖУ Хабаршысы» журналына қабылданатын мақала	75
6	Оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік әзірleme/құрал	70
7	Ішкі конкурстар/гранттар аясында әзірленген өтінімдер/жобалар	80
8	Монография	80
9	Білімгердің ағымдағы және қорытынды бақылау тапсырмалары бойынша орындаған жазбаша жұмыстары	60

2. Жазбаша жұмыстардың орындалу дербестігін тексеруде қолданылатын келесі модульдер бекітілсін: интернет плюс; дәйексөздер; аударылған бөтен мәтіндер; ЖОО мұрағаттық дерек қоры (кольцо вузов); интернет бойынша перефраз тәсілімен өзгерту; компанияның жеке коллекциясы; библиография.

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.Е. Бедельбаеваға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г. Т. Шүкенай